

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРИСТИКА
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА
LITERARY STUDIES AND FOLKLORISTICS

МҒТАР 17.82 10

DOI: [10.59102/kufil/2026/iss1pp213-229](https://doi.org/10.59102/kufil/2026/iss1pp213-229)

А.А. Ақбулатов¹, Ж.Г. Мусина¹, К.Б. Жумашева¹, Н.М. Тукешова¹

¹Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, 090000, Қазақстан

**АҚЫН РАХАТ ҚОСБАРМАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЖЫРАУЛЫҚ САРЫНДАР
САБАҚТАСТЫҒЫ**

Мақалада тәуелсіздік жылдардан кейінгі қазақ поэзиясындағы дәстүр сабақтастығы ақын Рахат Қосбармақтың көркемдік ізденістері негізінде талданады. Ақынның поэзиясындағы өзіндік стильдік даралығы, тәуелсіздік жылдарынан кейінгі ұлттық негіздерге оралу, сабақтастық, рухани өзектестік, ұлттық сөз өнеріндегі жанрлық жадының белгілі бір тарихи кезеңдерде қайта түлеуі, жаңғыруы сынды құбылыстардың ғылыми негіздері айқындалады. Тәуелсіздік дәуірі поэзиясындағы нәзік лирикалық өлеңдердегі жыраулық желілердің көріністеріне мән беріліп, талдау жасалады. Қазіргі қазақ өлеңіндегі жыраулық дәстүр сабақтастығын сонау Доспамбет, Ақтамберді, Шортанбай, Махамбет, Абыл, Нұрым, Қашағандардан бастап, бүгінгі Е.Раушанов, Н.Мәукенұлы поэзияларында табиғи жалғастығы, ұлттық болмыс, түпсанаға қайта оралу, мәдени-тарихи кеңістік, уақыт тұрғысынан автор туындыларының көркемдік жүйесі, дәстүр мен жаңашылдық, образдар жүйесі, тілдік ерекшеліктері, туындыларының идеялық-эстетикалық мазмұнын ашу, зерттеу мақаланың құндылығын көрсетеді.

Мақаланың міндеті ақын Рахат Қосбармақ өлеңдерінің көркемдік-эстетикалық, танымдық өрнектерін тану, тарихи уақыт тұрғысынан дәстүр мен жаңашылдықты қазіргі әдеби процеспен тығыз бірлікте қарастыру.

Зерттеу мақаланың ғылыми-практикалық мәні жаңа уақыт тұрғысынан қазақ поэзиясындағы даму тенденцияларды айқындау, әдеби өлкетану мұраларын зерттеуге аз да болса, үлес қосуды көздейді.

Кілт сөздер: жыраулық сарындар, дәстүр мен жаңашылдық, стильдік ерекшелік, әдеби процесс, толғау жанры, Р.Қосбармақ поэзиясы

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Мақаланың зерттеу әдіснамасы тірек терминдік ұғымдардың негізін анықтап алуды қажет еді. Бүгінгі поэзияны типологиялық зерттеу барысында көне дәстүрлерге, ұлттық әдебиеттің көк түріктер мен жыраулық сарындарға оралу үрдісі барын айтар едік. Жыраулық сарындарға азаттық, еркіндікке ұмтылу, адалдық, ерлік рух, тәуелсіздік идеясының жырлануы, елді, мемлекетті қорғау ортақ тақырыптары жатады. Әсіресе, бұл Қазақ хандығы тұсында ерекше жырланды. Мемлекет пен ұлттың тәуелсіздігі, азаттығы, бодандықтың салдары хандық дәуір әдебиетінің тұлғалары жыраулар поэзиясында лейтмотив десек, ол – еркіндік пен дала рухының тәуелсіздік таңының алғашқы жылдарынан бастап ерекше шабытпен жырлануы заңдылық. Қаншама ғасыр бодандықта болған ұлттың ішкі рухының қайта ояну дәуірі мен дәурені десек артық болмайды.

Әдебиеттану терминінде сарын деген ұғымды жиі қолданамыз. Ол мотив дегенге саяды. Сонда мотив тақырыптық сарын дегенді ұғындырады. Ендеше, тәуелсіздік

жылдарынан кейінгі қазақ поэзиясында байқалған сарындардың бірі - жыраулар поэзиясы іздерінің жазба ақындардың шығармашылығында жиі көрініс тауып, белгілі бір жағдайда көркемдік деңгейге көтерілуі. Зерттеуші ғалымдардың тұжырымдарына сүйенсек, тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясы әлемдік әдеби тенденциялармен бірге, ұлттық негіздерімізге қайта оралу арқылы дәстүр мен жаңашылдық тұрғысында көне түркілік, жыраулық сарындарды да біршама көркемдік дәрежеге жеткізді.

Дәстүр әдеби процесте көркемдік өрнектердің, жанрлық жадының уақыт пен кеңістік тұрғысынан бірде тоқырап, бірде кемелдікке жетіп, жаңғырып, жаңарып отырғанын көрсетеді.

Тіршілік иесі тәрізді жанрлық түрлер де үнемі қозғалыста болады, яғни әдеби процесте жанрлардың даму генезисін бақылап қарасақ, олар туып, қағидалары қалыптасады, өседі. Уақыт пен заманға сай өзгерістерге ұшырап, түрлі қоғамдық ауысуларды басынан кешіргендіктен, жоғалып, кейде жаңадан пайда болып отыруы да заңдылық. Әрбір жанрда белгілі бір таңдау принциптері, шындықты көру және концептуализациялаудың белгілі формалары, белгілі бір ауқымы мен ену тереңдігі бар [1, 403]. Әрбір тарихи дәуір әртүрлі жанрдың түп негізін сақтай тұра, оның табиғатына өз ерекшеліктерін енгізеді. Мұндай ерекшеліктер, бір жағынан, әр әдебиеттің ұлттық сыр-сипатымен де тығыз байланысты [2, 405-406].

Ғасырлар бойына қалыптасқан кез-келген дәстүр түпкілікті жойылып кетпейді, ол - түпкі негізін, болмысын сақтап, уақыт өте келе, жаңаша форма да, мазмұнда дамуы заңды құбылыс. Мысалы, жыраулар поэзиясындағы, зар заман дәуіріндегі тақырыптық сарындар, тақырыптық әуендер бүгінгі тәуелсіздік ғасырында нәзік лириканы игерген толғау жанрының қайта түлеуінен көрінеді. Бұл жанр Жәркен Бөдеш, Нұралан Мәукенұлы, Рахат Қосбармақ сияқты т.б. ақындардың шығармашылығында ерекше байқалады. Оны заманға наразылық, тәуелсіздік жылдарынан кейінгі халықтың күйреп-күйзелген тұрмысын, заманның азып-тозғанын, ұлттық намысты ояту, ар-намысты биік қоюға үндеген жыр-толғау түріндегі жандауыс десе болады.

Ақын Рахат Қосбармақ поэзиясын бүгінгі поэзиядағы жыраулық сарындардың заманауи түрленген, біршама озық, түрлі көркемдік дәстүрдің жаңашылдыққа ұласқан үлгісі ретінде қарастыруымыз қажет. Себебі, ақынның өлең өрнегі, ішкі-сыртқы айшықтары, өзіне дейінгі дәстүрлерді игеріп, үйренуі, кейбір тұстарда түрлі тәсілдерді жоғары көркемдік поэтика деңгейінде ұтымды дамытып, өзіндік стильдік даралыққа дейін жеткізуі өлең өрнегіндегі шеберлік қырларын аңғартады.

КІРІСПЕ

Тәуелсіздік алған алғашқы күндерден бастап, егемен елдің өткені мен өтпелі кезеңін ауыртпалықтарын көзімен көріп, санасына сіңірген, талантты ақын-жазушылардың қатарында өзіндік ізденістерімен стильдік ерекшеліктерін қалыптастырған ақындардың бірі – Рахат Қосбармақ.

Рахат Қосбармақ сонау тоқсаныншы жылдары өтпелі кезеңде әдебиетке келген жас таланттардың қатарында болды. Оның ақындық тұлғасына сөз зергерлері Әбіш Кекілбайұлы, Фариза Оңғарсынова, Өтежан Нұрғалиев, Темірхан Медетбек, Есенғали Раушанов сынды қазақтың қабырғалы қаламгерлері жоғары баға берген.

Қай дәуір әдебиетінде болмасын поэзия жауынгер жанр ретінде алдыңғы қатарда жүретіні мәлім. Көбінесе поэзия сөзбен, дыбыспен, ырғақпен және үлгімен жаңашыл нәрселер жасайтын әдебиеттің ерекше түрі [3]. Тәуелсіздік жылдарынан кейінгі қазақ әдебиетінде де поэзия жанры ерекше қарқынмен дамыды. Қазақ поэзиясы ұлттық шеңбермен қоса, әдебиет пен өнердегі әлемдік тенденциялардың ықпалында біршама дамып, көш іргелі, ой еркіндігінде шындалды. Тоқырау жылдарынан кейін және тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап қазақ қоғамындағы саяси-әлеуметтік өзгерістер мен дағдарысты, халықтың хал-ахуалын бірінші байқап, оны көркемдік эстетикалық тұрғыдан бірінші бағалаған да поэзия болатын. Бұл кезең поэзиясы әдебиет тарихындағы зар заман поэзиясын еске түсіреді.

Әдебиет тарихына үңілсек, ақын-жыраулар поэзиясындағы XIX ғасыр зар заман деген ұғыммен тығыз байланысты аталады. Бұл терминдік ұғымды Мұхтар Әуезов негіздеген болатын. Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Әбубәкір Кердері сынды «Зар заманның» көрнекті тұлғалары өз толғауларында орыс отаршылдығының зардаптарын терең ұғынды. Кеңестік кезеңдегідей ескішіл, кертартпа, қоғамдық өмірде орнаған түрлі тосын жайларға жай ғана үрке қарады десек, бүгінгі дәуір бигінен қателесеріміз анық. Себебі отаршылдықтың түп мақсатында жерді жаулаумен бірге ұлттың өсіп-өркендеуіне, ұлттық құндылықтардың тамырына балта шабылатынын ерте сезді. Отаршылдықтың астарында құлдықтың қамыты тұрғанын, ұлттың санасын құлдықта ұстап бағындыру, құлдық психологияға түсіру саясатын ұстанған өктемдік салтанат құратынын ұғына білді. Міне, ақын-жыраулар болашақтың не боларын толық болжады, аласапыран заманның келе жатқанын сезді, астарын терең ұғынды.

Зар заманның өкілдері Дулат, Шортанбай, Мұрат, Әбубәкір, Асан қайғылар өз дәуірінің тарихи оқиғалары мен құбылыстарына сыни көзқараспен қарады және өлең-толғауларының ең басты көркемдік құндылықтары болашақты болжай білген саяси көзқарастарының тереңдігінде еді. Бұлардың бәрі кеңестік идеологияға жақпағандықтан, саяси тұтқындалған шығармалар қатарында болды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан-ақ өткен ақтаңдақтарға назар аударуда ақындар осы тұлғалардың рухани көшбасшылық қасиеттерін аңғара білді және поэзияда төл әдебиеттің жүріп өткен ақтаңдақ жолын қайта жаңғыру, түлету процесі жүрді. Себебі, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында талан-таражға түскен елдің байлығы, халықтың ауыр-тұрмыс-тіршілігі, осындай жағдайлардан соң орын алған аласапыран (хаос) дүниеден мән-мағына іздеуде ақындар тарихи негіздерге жүгінді.

Рахат Қосбармақтың поэзиясындағы тақырыпқа сай дәстүрдің жалғастығы бүгінгі жай-күйіміздің ахуалы, бодан ел болмасақ та, өз еліміздегі қоғамдық-саяси жүйеге деген күмәнді тұстарға сыни көзқараспен үңілу, жеке тұлғаның жаһандық мәдени құндылықтарға жұтылып, ұлттық идеяның әлсіреуі, азған қоғамдағы қазақтың адамдық болмысы, ұлттық мүдесінің қорғансыздығы сынды ойлардың өзек болуы өткен ғасырлардағы зар заман сарындарын еріксіз ойға түсіреді. Бұл турасында ғалым А.Ісмақова: «Мотив – тақырыптық сарын, қалыптасқан дәстүрлі тақырыптық әуен, оқиға желісіндегі кезең. Бірнеше жазушының шығармасында, әртүрлі әдеби нұсқаларда, әр дәуірдің әдебиетінде белгілі бір сарындар қайталанып келеді» деген болатын. Міне, бүгінгі замандағы ұлттық рухтың еркіндігі, ұлттық санадағы сілкініс, ғасырлар өтсе де, түпкілікті жойылып кетпейтіндігін дәлелдейді. Заманға наразылықтың тақырып ретінде тарихи өтпелі кезеңдерде орын алуы, біріншіден, тәуелсіздіктің келуімен бірге саяси-әлеуметтік, экономикалық факторлардың да әсерінен тоқырауға ұшыраған қоғамның салдары болды. Екіншіден экономикалық дағдарыстан кейін нарықтық қатынасқа көшкен еліміздегі жаһандану үдерісі қазақтың қоғамдық санасына үлкен өзгерістер, төңкерістер жасады. Ұлттық құндылықтарға түрлі мәдениеттер зор ықпалы етті. Ұлттық идеологияның дұрыс болмауы салдырынан орын алған жағдайларға ақындар іштей наразылық танытып, дәуіріміздің көкейтесті мәселелерін көкірек көзімен көре білді. Соларды жеткізуде ақындар сонау жыраулар заманын келе жатқан ханға кеңесші, ақылшы болған, әділдігін тура айтқан, заманның шындығына сыни көзқараспен қараған, болашақты болжаған, заманға үндеу, хандар мен билерге, батырларға арнау, ханға дат айту, заман ақиқатын жырлауды философиялық тұрғыдан сараптай отырып толғану сынды игі дәстүрлерді тірілтуге де негіз болды.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Мақаланың материалдары ретінде Рахат Қосбармақ поэзиясындағы жыраулық сарындар, өмір мен өлім концептісі, адами құндылықтар туралы дидактикалық бағыттағы туындылары және зар заман поэзиясымен өзектес бүгінгі қоғамның бейнесін көркемдік тұрғыдан ашып берген толғау-өлеңдері алынды, сондай-ақ жыраулар поэзиясының көрнекті өкілдерімен

салыстырмалы түрде зерделеніп қарастырылды. Себебі Рахат Қосбармақ поэзиясы бұған дейін өңірлік деңгейде газет-журналдарда сөз болғанымен, жүйелі түрде зерттеу нысанына алынған жоқ. Ә.Кекілбаев, Е.Раушановтар ақын шығармашылығының бастауы көне түркілік сарындардан нәр алып, жыраулық дәстүрмен өзектесетінін дөп басып бағалайды.

Тақырыптың зерттелу деңгейіне тоқталсақ, мақаланың тақырыбына негіз болған жыраулық сарындар ақын поэзиясының көркемдік ерекшелігі болғандықтан, жырлаулар мен жекелеген ақындардың поэзиясын зерттеген іргелі ғылыми еңбектер материалдар ретінде алынды. Мысалы, Б.Омарұлының «Зар заман поэзиясы (генезис, типология, поэтика)» (2024), Ж.Әскербекқызының «Көркемдік өріс» (2008), С.Ержанованың «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясының көркемдік тұтастығы мәселелері» (2009), «Жыраулар поэзиясындағы тәуелсіздік сарындары» (2012 ж, ұжымдық монография) т.б. ғылыми зерттеу монографиялар мен диссертациялар басшылыққа ұсталды. Жыраулық сарындардың бүгінгі поэзиядағы көрінісі толғау жанрының заманға сай түрленіп, ішкі мазмұнында ерлік рух, дидактиклық сарындардың болуымен қатар, нәзік лирикалық ирімдерді бойына сіңіре білуінде жатыр. Қазіргі заман поэзиясын туғызушы ақындар бұрынғы жаугершілік замандағы тұлғалар сияқты ат үстінде күн көрмесе де, заманның зарын бойынан ең алғашқы өткізеді. Бүгінгі толғау жанры да атойлаған ерлік рух, елдік, ұлттық мүдде, кең тынысты эпикалық дәстүрмен жырланады. Бұған Рахат Қосбармақ поэзиясы жарқын мысал үлгісі бола алады. Себебі, ақын поэзиясында жыраулар жаратылысының сарқыты сақталған, ол жаңа ғасырдың лебімен даралыққа ұласып, өзіндік стильдік айшыққа айналған. Сондықтан да туған әдебиеттің төл бастаулары жыраулар поэзиясы мен ақынның жырларының табиғи ішкі үйлесімі жанрлық түр болсын, тақырыптық түп негіз болсын, бірін-бірі жатырқамай, бойына сіңіре білген.

Мақалада ақынның жыраулар поэзиясымен тақырыптық, мазмұндық, жанрлық түр тұрғысынан рухани байланысын зерттеу барысында сипаттау, көркем шығарманы талдау, жинақтау, типологиялық салыстыру әдістері жүзеге асырылды.

НӘТИЖЕЛЕР

Рахат Қосбармақ – нәзік лирик, әрі кең құлашты эпик ақын. Себебі оның поэзиясында нәзік лирикамен қоса, кең толғайтын, көнеден жеткен сарындарды, жыраулық поэзияның заманауи болмысын байқауға болады. Сыншы Ә.Бөпежанова Ф.Оңғарынова поэзиясынан Ақтамберді, Махамбеттердің рухы мен болмысының қайта оянып, жаңа мазмұнда түлеген ақындық тұлғасына жоғары баға береді. Әдебиеттегі осы үрдісті Рахат Қосбармақ поэзиясына да қарата айтуға болар еді. Себебі, ақынның поэзиясында Маңғыстау өлкесінің арғы-бергі тарихын терең толғайтын кең тынысты эпикалық сарын бірден көзге ұрады. Сондықтан Рахат Қосбармақ тар шеңбердегі ақын емес, кең құлашты, дүниетанымы туған жер, атамекен ұғымдарының тарихымен терең рухани байланысқан жыр жүйірігі десек, артық болмас. Себебі, жыраулар поэзиясында атамекен, елдік концептісі басты көркемдік сарын болып есептеледі.

Ақын атаулының ғұмырнамасын өлеңінен, өлеңін өмірінен бөліп қарастыра алмаймыз. Әрбір ақынның өмір іздері өзінің өлеңінде сайрап жатады. Оны ақынның туған жер, жастық шақ, адамның әрбір кезеңіне қатысты өлеңдерінен зер салсақ, аңғарарымыз сөзсіз. Бірақ өлеңдегі өмірдеректері көркемдікке ұласқанда ақындық болмыс, ақынның тілдік тұлғасы ерекше құлпырып шығады. Бұл ақынның поэтикалық қуатын, ақынның ақындық шеберлігі сынды үлкен ұғымдарды аңғартса керек.

Оның қаламынан «Кемпірқосақ» (1996 жыл, «Рауан»), «Бекет Ата» (2000 жыл, «Информ-Арна»), «Сұрасаң руымды – Дәулеталы» (2010 жыл, «Информ-А») атты кітаптары, «Жаздың ең соңғы күні» (1999 жыл, «Зерде»), «Атажұрт» (2011 жыл, «Информ-А») т.б. жыр жинақтары жарық көрген.

Жарық дүние есігін ашқан әрбір адамзат баласының табаны тиетін жері - туған жері, атамекені. Осы ұғым ақындарда ерекше сезіммен жырланады. «Туған жер», «атамекен», «Отан» концептілері - түркі халықтарына ортақ ғаламның тілдік образы ретінде ерекше мәнге ие болса, соларды түрлі тақырыптар аясында шоғырландыра жырлау барша ақынға ортақ

ұлттық дүниетаным деуге болады. Мәселен, З. Г. Сафиуллина, Ф. Р. Гарифуллин татар әдебиетіндегі экологиялық тақырыптар арқылы ұлттық болмыс пен туған жерге деген сүйіспеншіліктің көркем бейнесін ашады [4]. Рахат Қосбармақ та басқа да ақындар тәрізді туған жерді жырлай отырып, оның бүгінгі өзі көрген бейшара мүшкіл хәлін көріп мұңданады. Маңғыстау өлкесінің мұнайы адамға керек болғанымен, оның экологиялық зардаптарын тартқан табиғаттың сыйқын көргенде ақындық мұраты сөйлетпей қоймайды. Оның төмендегі шумақ өлеңін қоғамдық-саяси өмірдің, қалың бұқара әлеуметтің де үні жатыр деп ұғынсақ болар.

Басқалар сені «төбе» деп,
Басыңа сиді төбелеп.
Байлығың болса болғаны,
Басқаға өзге не керек?! [5, 10].

Ай-бейшара аспанға асылады,
Күн-күдірет көрінуге асығады.
Уыз-тірлік ұйыған быт-шыт болып,
Шартарапқа шапақтар шашырады [5, 17].

Алғашқы мысалда риторлық сұрауға құрылған шумақтан-ақ лирикалық кейіпкердің эмоциялық жағдайын, өлеңдегі азаматтық лириканың ұстанымын бірден байқаймыз. Бір ғана шумақ өлеңде «Ай-бейшара», «күн-күдірет», «уыз-тірлік» сынды үш метафоралық қолданысы арқылы ақын қоғамның тыныс-тіршілігін символдап көрсетеді. «Уыз-тірлік» қоғамның саяси-әлеуметтік тыныс-тіршілігіне деген ақынның көзқарасынан хабар бергендей. «Күн-күдірет» метафорасының астарлы мағынасы бары анық. Қоғамның әлеуметтік-тұрмыстық, саяси жағдайын бір шумаққа сыйғыза білген ақынның көркемдік поэтикалық қуатының еркіндігін байқаймыз. Адамдар метафоралық тілді метафоралық мағынаны беру үшін ғана емес, әртүрлі әлеуметтік, прагматикалық мақсаттарға нақты жету үшін қолданады [6].

«Шабыттан кейінгі шамырқану немесе Астананың ақындары» өлеңінде ақынның субъективті ойы анық көрінеді. Әділдік, ар-ұят, адалдық ұғымдарын Астана образымен қатар суреттеген ақын шығармашылық ортадағы әділетсіздіктерге налиды. Талантты танымай, рушылдық пен қазақи таныс-тамырлықты қолдайтын әдеби ортадағы ақсақалдыққа жастық жалынмен наразылық танытады. Өлеңнің үзінділеріне назар салып тоқталып өтсек.

«Күзгі элегия»
Көлеңкеге иірген бар дүниені
Көңілсіздік елесі – күз дегенің! [5, 23].

Сезім – Тәңір,
Жүрмейді жырға ғылым,
Қыртығандар егеді қырға гүлін
Қараңғылық көбесін қақыратқан,
Сонда білдім, дүние-ай, Күн қадірін! [5, 25].

Жалпы поэзиядағы жеке дара ақындық дүниетаным құндылықтары туралы айтқанда, ақындардың фәлсафалық ойларына және өзіндік тілдік бірліктер арқылы жеткізілген тұжырымдарына да ерекше мән берген абзал. «Сезім – Тәңір» метафоралық қолданысында ақындықтың табиғи талант, тәңірдің сыйы екендігін жеткізген. Өлеңнің құдыреті де осындай болса керек. Поэзиядағы жұмбақ метафораларды ашу қиын міндет, өйткені біздің танымымыз бен тіліміз дүниені қабылдауымыз және тәндік тәжірибеміз тығыз астасып, тәндік болмыстан ажыратылған абстрактілі ойлау ұғымын жоққа шығарады [7, 239].

Р.Қосбармақ ақынның поэзиясын зерттеу барасында аңғарғанымыз, ақынның өмір туралы терең толғаныстарға еркін бара алатын қабілетін көрсетеді. Бұл - да жыраулар поэзиясындағы сарындардың бірі. Өмір мен өлім концептісін паралель жырлай отырып, ақын сол екі ұғым аралығындағы адамдардың адамдық қарым-қатынасын толғайды. Француз

философы М. Мерло-Понти поэзия мен философияның шекарасын «табиғи көзқарасты» суспензиялау, яғни дүниені “бар” дейтін түсініктен алыстату арқылы қайта қарауға шақырады, сонда ғана шынайы феномендерді тануға болатынын атап өтеді [8]. Бұл пікір Р. Қосбармақ поэзиясында көрінетін — ақынның өмір мен өлімді терең философиялық тұрғыдан қайта ойлауы — идеяларымен үндеседі. Поэзияда терең ой айту білу ақынның өмірлік оқыған-тоқығаны, түйген тәжірибесінің молдығын көрсетсе керек. Адам өмірінің тұйықталар тұсы өлім екенін терең ұғынады. Бұл дүниедегі келеңсіздіктер мен әділетсіздік жайлаған дүниені «әңгіге» теңеген ақын ашынып, көңілін мұң торлағымен, қазіргі жас ақындардай өмірден баз кешпейді. Осы тұрғыдан келгенде, Рахат Қосбармақтың «Тірлік туралы пәлсапа» өлеңінен өмір туралы терең толғаныстың поэтикалық қуатын көруге болады. Мысалы:

Ойлап тұрсаң, осы дүние – тор екен,
Заманынан озып туу – сор екен.
Таланына жазылмаған нәрсені
Тағдырынан тартып алам деп жүрген,
Педенің де пейілі тым зор екен.
Өмір – деген өлшеуі жоқ нәпсі мен,
Иманыңмен итжығысқа толы екен.
Жер түбінде жеткізбейтін қу арман
Шерге толы шет-шегі жоқ жол екен.
Адам деген – арман қуған айкезбе
Жарық дүниеде жаратылыстың қоры екен.
Өлім – деген тәуір қиял, тәтті у,
Өлшемі жоқ сол арманның соңы екен.
Мейірімсіз мынау әңгі әлемде
Менің ешбір тойланбастай мерекем.

Осы өлең шумақтарын оқи отырып, ойға қаласың? Ақын өлімнің өзіне ащы сарказммен қарайды. Өлімді «тәуір қиял, тәтті у» сынды метафорамен алмастырады. Қамшының сабындай қысқа ғұмырда арманның жетегінде жүріп, тоқтаған жүректің, яғни өлімнің тәуір немесе тәтті болуы мүмкін бе, өлім аузында жатқан адамның қуануы мүмкін бе?! Жоқ, әрине! Бұл жерде ақынның сөз ойнатуы. Өмірдің қым-қуыт қалтарысы мол, қызыл-жасыл, жылтыр, жұмбаққа толы дүние жалған екенін жеткізуі. Адамның өлшеп берілген тағдыры, сағаты бір уақытта тоқтайды. Адамның артында жүзеге аспаған қаншама арман-мүддесі қалуы мүмкін. Сол жолда өзінің ертегісіне сеніп, жалған әлемнің елесін қуып жүрген пенделерді «арман қуған айкезбе» деген қолданыспен әдемі көркемдейді. Осындай ит тірлікте таусылмайтын сан-сауалдың жетегінде жүрген пенденің барар жері де о дүние екенін ойға алады. «*Өмірзия*» өлеңінде:

Қайтейін сұм дүниені «жалған» демей,
Қаншама мұңлықтарды қалған демей,
Қаласың сен де бір күн қақсап-қақсап,
Қара жердің астында, қайран көмей!
Басыңнан керуен құрап күз көшкенше,
Дүние мың түрленер біз де өшкенше,
Ей, пенде!

Сен көргенді мен де көрем,
Ендеше, ана жақта жүздескенше!

Міне, ақынның фәлсафалық ойларынан көнеден жеткен жыраулық сарындарды аңғару қиындық туғызбас. Ақын пенделік ғұмыр өшкенмен, дүние ғалам мәңгілік дейді. «Ана жақта жүздескенше» деген ол «о дүние» арқылы рухани жандүниенің, рухтың мәңгілігін меңзейді. Күнделікті өмір, жалған дүниенің жетегіндегі пеншелік ғұмырдан адамдық ұлылықпен жоғары тұруды түспалдайды. Бұлай толғану философиясы көне дәуірлерден көш тартқан түркілік дүниетаным, жыраулар поэзиясында молынан ұшырасады. Мысалы:

Мінезі жаман адамға,
Енді қайтып жуыспа.

Тәуір көрер кісіңмен
Жалған айтып суыспа.
Өлетұғын тай үшін
Көшетұғын сай үшін,
Желке терің құрысып,
Әркімменен ұрыспа.

Асан қайғының «Бұл заманда не ғаріп?», «Есті көрсең, кем деме», «Көлде жүрген қоңыр қаз», «Еділ бол да, Жайық бол» т.б. толғауларында адами қасиеттердің жоғары құндылығын дидактикалық тұрғыдан жеткізіп өсиет етеді. Сондықтан Рахат Қосбармақ ақынның поэзиясы туған топырақтың күйі сынды күмбірлеп, сонау ғасырлардағы жыраулар поэзиясының сарқытындай көрінеді. Оның поэзиясында жыраулардың дидактикалық сарыны ерекше байқалады және оны өзіндік бір стильдік ерекшелік ретінде тануға толық негіз бар.

Қазіргі қазақ поэзиясындағы көне жыраулық сарындар желісінің көрініс беруіне мысал келтірсек, зерттеу еңбектерде Есенғали Раушанов, Нұрлан Мәукенұлының есімі жиі аталады. Ақын Е.Раушановтың поэзиясын зерттеуші ғалым Ж.Әскербекқызы: «Кезі келгенде жырауларша кесек толғайтын Есенғали – бүгінгі поэзияның дамуына өзіндік үлкен үлес қосқан дара стильді, ерекше болмысты ақын. Есенғали лирикасында сонау көне түркі поэзиясынан тамыр тартып, кешегі жыраулар поэзиясынан сусынын қандырып, жаңа жазба поэзиядағы нәзік сыршылдық тұмасына бас қойған, асқақтық пен тереңдікті, өрлік пен нәзіктікті шебер үйлестірген ерекше бітім, тың тыныс, өзгеше өрнек бар» [9, 5], - деп түйіндейді. Осы тұжырымды Рахат Қосбармақ поэзиясына да ұялмай телуге болар еді. Әдеби ортадан жырақта жүргендіктен әдеби сын мен әдеби процестен қалыс қалып, әдеби зерттеу нысанына жиі іліге қоймады. Бұл туралы ақын Өтежан Нұрғалиев: «Менің білетінім: Маңғыстауда бір күшті ақын бар. Оның аты – Рахат Қосбармақ. Ақын атанып, Жазушылар Одағына мүше болып жүргендердің бірталайынан оның мойыны озық. Ол туралы кезінде Ә.Кекілбаев та, Ф.Оңғарсынова да пікірін білдірді.

«Кемпірқосақ», «Жаздың ең соңғы күні» деген кітаптары бар. Рахат ешкімге ұқсағысы келмейді, өзінше жазады. Өлеңдері сонысымен құнды, сонысымен мықты. Әдеби ортадан алыс, шалғайда жүргендігінен өз бағасын ала алмай жүр» [5, 4], - деп баға береді. Төкпелеткен толғау жанрындағы Маңғыстау мақамдары, Абыл, Нұрым, Қашағандардың жыр дәстүрінің бүгінгі жазба поэзиядағы сілемдері десек артық болмас. Мысалы, «Атажұрт» кітабының алғы сөзіндей болған «Атажұрт», «Таразылау немесе кешегі және келешек ұрпақ хақында (Махамбеттің әруағына)» толғаулары - бүгінгі поэзиядағы жыраулық дәстүрдің көркемдік үлгісі деуге болатын ғажап дүниелер. Толғау жанрының стилінде Маңғыстау өлкесінің өткені мен бүгінін шабытпен жырлаған ақын бірде шерленсе, бірде асқақтайды, ал енді бірде бабалар рухын тірілткендей әсерде қалдырады. «Толғау» жанрына толталсақ, ол - шығарманың сюжетсіз, философиялық пайымдау, ой толғауға негізделген ерекше түрі [10, 685].

ТАЛҚЫЛАУ

Бүгінгі тарихи уақыт биігінен қарасақ, әр кезеңнің өзінің зар заманы қайталанып отыруы да заңдылық тәрізді. Зерттеу нысанына алынған Р.Қосбармақ поэзиясындағы ізденістерді жыраулық сарындардың заманға сай түрленген бүгінгі жалғасы, сол дәстүрдің жаңашылдық үлгісі екені хақ. Жыраулық дәстүрдің үлгісі форма мен пішін тұрғысынан ғана емес, мазмұндық тұрғыдан заманауи келелі мәселелерді терең жеткізуде толғау жанрының мүмкіндігі мол екенін көрсетеді. Бұл туралы ғалым С.Ержанова: «Жыраулар дәстүрі мен қазіргі заман поэзиясының көркемдік-құрылымдық байланысы өз алдына, олардың желісіндегі идеялық байланыс, азаттық танымы ерекше» [11, 47], - деп тұжырымдайды. Мысалы, Рахат Қосбармақтың да азаматтық үнінде жыраулар жырларындағыдай «атақоныс», «атамекен», «жерұйық» мотивтері өте жоғары эмоциялық күшке ие. Ақынның төкпелеген тасқынды жырларында рух, қайсарлық, азаматтық ұстанымы, бүгінгі тәуелсіздік замандағы елдің жағдайы, заманның қоғамдық-саяси, әлеуметтік күрделі мәселелерінің шиеленісуі,

замана талабы, халықтың арман-тілегі сынды т.б. ащы шындықтар анық көрінеді. Мысалы, зар заманның көрнекті өкілі Д.Бабатайұлы:

Дұрыс бастар басшы жоқ,
Әділетке шөлдетті.
Татуға өсек жүргізіп,
Бәленің отын өргізіп,
Қайран заман, аман бол,

Ер шөгіп, есер ер жетті, - деп, кешегі мен бүгінгінің арасын таразылап, ел басқарар тұлғаның жоқтығын, сондай-ақ «бозбаласы – бошалаң, қырсыға туды қыз балаң» деген ақын тозған қоғамның азған адамының бейнесін сомдап, ұлттық құндылықтардың заманға сай құбылуына алаңдаушылық білдіреді. Ал, сол мәселе әлі де өзекті екен. «Еңкілдеп көрде ер бабаң, Бетімен кеткен бел балаң» [5] деген Рахат ақын заман тудырған мәселелерді жыраулардың ізін жалғай отырып, өзінің ішкі қарсылығын өлеңмен өреді. Осыны жаңа заманда қалай жеткізген десеңші?!

Кешегі кемеңгерлердің
Саркыты да жоқ сарқылған
Еңсесін басып ерлердің
Арсыз қатындар артылған.

Отманға көміп жатырмыз,
Озық ойларды отандық.
Ойран қып бүгін отырмыз,
Отанды қара қотан қып, - десе, енді бірде:
Сенім артқан серкесі,
Сенделтіп елді арбаған.
Сарайында сарнаған.
Отыз жыл бойы сайрандап,
Отанымды ойрандап,
Отын қылған оңбаған.
Мұнда тексіз мұндарлар,
Бұрын-соңды болмаған.

Ұлттық мүддеге келгенде, ақын оңалмай тұрған ұлттың жай-күйін жырауларша тебірене толғай да, толғана да біледі, оны нәзік психологиялық иірімдермен де ақтарады. Ұлттық салт-дәстүрдің жоғалуына, әділетсіздің өршуіне аға буынның кінәлі екеніне назын білдіреді.

Сонау XIX ғасырдағы Шортанбайлар сынаған, бодандықпен бірге келген заманның антиқұндылықтары жаһандану заманында толастамаса, бәсеңдеген жоқ, айна-қатесіз қайталанып отыр. Рахат поэзиясынан мысалдар молынан келтіруге болады. Әсіресе, отбасы құндылықтарының әлсіреуі, ақша қатынасының енуі арқылы елдегі парақорлықтың белең алуы, оған мүдделі болған патша үкіметі мен билік жүйесінің бет-бейнесін ашып көрсетеді. Мысалы:

Дулат:

Ат-шапанға ілік боп,
Параны көздеп би кетті.

Шортанбай:

Зәбір болар иманға,
Қазақтан пара алмасын,
Ұмытпай жүрсін Алласын.

Ал, ақын Рахат Қосбармақта заманның көріністері зар заман ақын-жырауларынан кем түспейді, сыни көзқарастары төгілген жыр жолдары атой салып тұрады.

Көрбілтелер билеген
Көзі – жұмық, сөзі – қырт.
Жеміріп жатқан өзегін,

Жемқорлық деген жегі құрт.

Құлқымды бұрып байлыққа,
Құлқынды қоғам орнаған.
Көлденең жайын жұтса да,
Көмекейі бір толмаған [5].

Сондықтан бүгінгі замандағы жемқорлықтың да тамыры тереңде екенін ұғынамыз. Сол ғасырда да, жаңа ХХІ ғасырда да ақша - адамдық құндылықтарға билік жүргізетін ең биік құрал. Жыраулар сол құбылыстарды болжай білді және адамдықтың, ар-ұяттың саудаға түсуін ашына жырлады, үрке, тосырқай қарады, сынады. Ал, ақын Р.Қосбармақ болса, бүгін замандағы жемқорлық жайлаған қоғамдағы құбылысты «жегі құртқа» теңеп, «көмекейі бір толмаған» ашкөз қоғамның бейнесін, тәуелсіздік заманында өз бағын өзі басына тепкен қазақтың басындағы індет, дерт жемқорлық болып отырғанына жаны ауырады.

Рахат Қосбармақ поэзиясында Маңғыстау өлкесінің арғы-бергі тарихынан сыр шертетін тұстары өте мол ұшырасады. Бұл да ескі жырауларша ел шежіресіне қанық, терең білімдарлығын көрседі. Әдетте, қазақ жыраулары ру, тайпалар шежіресін аса жақсы білген, батырлық эпос пен тарихи жырларды орындаған [12, 159]. Міне, осы пікірлерге сүйенсек, Р.Қосбармақ поэзиясын мұқият зерделегенде, жырау тұлғасының қазіргі замандық болмысы көретіні анық.

Оның поэзиясынан өткен тарихпен қоса, қазіргі замандағы оқиғаларға да үн қатқан азаматтық лирика әуендерін, осы өзіміз өмір сүріп отырған уақыттағы тарихи оқиғалардың көркем шежіресін көруге болады. Осы жерде жырау тұлғасы дегенге тоқталып өтсек, «жырау қай заманда да, ең алдымен, өз ру тайпасының, халқының қамын ойлап, уайым шегетін даналығы мен дарыны, абыздығы мен көріпкелдік қасиеті бойынан қатар табылатын кісілік кемелдік пен кемеңгерліктің иесі болып келді». Сондай-ақ «жыраулар елдің тұтастығы мен бірлігі, ар-намысы мен азаттығы сынға түсер жойқын соғыстар барысында бас қолбасылардың қатарынан табылып, сардарлар санасына жауынгерлік рух сіңіретін жорық жырларын селдетер еді...» [13, 25]. Мысалы, «Мұнар күн» атты толғау жанры үлгісінде жазылған өлеңінде Маңғыстауда орын алған көтерліске қатысты ақын азаматтық үнін қосады.

Рахат Қосбармақ поэзиясында дәстүр мен жаңашылдық мәселесі соқырға таяқ ұстатқандай көрінеді. Тәуелсіздік жылдарынан кейінгі поэзиядағы жыраулық дәстүрдің жарқын үлісін жаңашылдықпен дамытқан ақынның тақыр жерден өнбегені ақиқат.

Маңғыстау өңірі - жыраулар мен төкпе ақындардың қасиетті, құт дарыған мекені. Ендеше, жыраулық сарындардың дәстүрі мен сабақтастығы туралы, айтсақ, тау-тасқа біткен шынардай Рахат Қосбармақ поэзиясының өне бойынан табылуы кездейсоқтық емес, рухани өзектің жыраулық дәстүрмен үнемі табиғи заңдылық. Мысалы, «Мұнар күн» толғауына Доспамбет жыраудың толғауынан эпиграф алып, әлқиссасын бастайды. Ақын толғауында сол жырауларша тебірене отырып, заманның құбылған реңін, билік пен қара халықтың арасындағы әлеуметтік мәселелер бойынша ымыраға келмеген жағдайлар, кінәлілер мен жақсықсыздардың зар-мұңын жеткізеді. Бүгінгі өмірдің көлеңкелі, бояулы тұстарын зар заман ақындарына барыншы мұнды әрі асқақ, жігерлі рухпен толғанады. Ақын поэзиясында, әсіресе, толғау жанрындағы өлеңдерінде күйгелектік, жылаулықтық үлгі көп бой көрсете қоймайды.

Басымыздан бақ тепкен күн,
Бассыз билік өктем күн.
Бас имейтін ерлерді,
Басыбайлы еткен күн.
Азаматтарды отқа айдап,
Ажал оғын сепкен күн.
Атаңа нәлет азғындар,
Арбаға азбан жеккен күн.
Қынадай қырып кінәсіз,

Қырандар қыршын кеткен күн.
Сұрапыл сәтке тап келіп,
Сұраусыз ерлер шөккен күн.
Еркіндіктің басынан,
Етікпенен тепкен күн.
Жағымпаз кілең шалдарым
Жамағатты сөккен күн.
Жапалақша жалбаңдап,
Жау жағына өткен күн.
«Қарақшы» деп қаралап,
Халыққа қаһар төккен күн.
Қайран, мынау Маңғыстау,
Қайғыдан белі бүгіліп,
Қарадан, ханнан түңіліп,
Қап-қара боп кеткен күн.
Солай да-солай соры қайнап,
Сұмдықтың басы жеткен күн.
Барлығын бір күнде ұқтырды,
Басымыздан өткен күн [5, 199].

Жыраулар поэзиясында да тарихилық негіздер бар. Олар өз заманындағы хандық биліктің кейбір сәттерін, тарихи оқиғаларды өздерінің толғаулары арқылы кейінгі ұрпаққа жеткізді. Ал, Рахат Қосбармақ - бүгінгі заманның тарихи куәгері. Ол Маңғыстаудағы оқиғаларға аза тұтып, қаралы өлең арнайды. Осы толғаудағы мына бір жолдар ақынның азаматтық дүниетанымын айқындай түседі.

Қандастарыма қарата,
Атылған арсыз оқ көрдім.
Айдаһар сынды араны,
Аузынан шашқан шоқ көрдім.
Жер бауырлатқан жұртымды,
Жендетті иттен жек көрдім.
Қанішерлердің ісіне,
Қарайып қаным, кектендім.
Талайды бастан өткердім,
Талайға жақтас боп келдім.
«Өз халқына өкімет,
Оқ атпайды» деп келдім.
Қырық жылға жетпес ғұмырда,
Қиналып, талай от көрдім.
Бірақ та мұндай сұмдықты,
Білсеңдер, бірінші рет көрдім [5, 200].

Міне, Маңғыстаудағы бейбіт халыққа оқ атқан оқиғаны жазған өлең-толғауымен оқырманын тебірентіп толқытады, толғандырады, халықтың мұңымен мұңдастары. Өзінің халқына оқ атқан билікті де ашық сынайды. Бұл өлең жырауларша төкпелеткен екпінді өлең, мұқият зер салса, есті өлең, табиғи тұрғыдан алсақ, дәстүрлі толғау жанрындағы ерекше рухты сезіндіреді. Доспанбет, Қазтуған, Махамбеттің жырларындағы ерлік рух атой салып тұрғандай әсерге бөлейді. Жалпы Р.Қосбармақ поэзиясын зерттеу барысында байқалатын ерекшелік, ол – отаншыл ақын. Себебі, оның поэзиясында Маңғыстау өлкесінің табиғатынан бастап, бүкіл даланың бейнесі, домбыраның шанағынан төгілген Абыл мен Нұрымның, Қашағанның жыр-толғауларының дәстүрі, сазы ғасырлар қойнауынан сыр шертіп, толғап, рухы есіп жатқандай. Біздің ойымызды заңғар жазушы Ә.Кекілбайұлының: «...Оның ақындық шанағы да асқақтатып ән шырқатып, желкілдетіп тіл безетпей, көкірегіңді күбірткедей солқылдатып, мұңлы күй

шалғызатын гөй-гөй домбыраға көбірек келіңкірейді екен. Желпінтпейді, ойландырады. Құлшынтпайды, толғандырады...» [5, 3], - деген тұжырымы қуаттай түседі.

«Дәстүр жалғастығы деп – тұтас идеялық-эстетикалық дәрежесінің көтеріліп, жанрлық, тақырыптық алқабының кеңеюін, шеберлігінің шыңдалуын айтамыз» [14, 9]. «Дәстүр әрдайым жаңашылдыққа келіп тіреледі, жаңашылдық өзгеше формаға еніп, дәстүрдің қойнауынан шығады да, қайталай дәстүрге айналады» [14, 52]. «Әр кезеңдегі жаңашыл қадамдар дәстүр сүрлеуін ұзарта түспек» [14, 279]. Міне, көркем әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдық туралы теориялық тұжырымдарға сүйенсек, ғасырлар қойнауынан келе жатқан ұлттық сөз өнерінің сілемдері - бүгінгі поэзияда қайта түлеп, жаңғырып отыруы заңды құбылыс. Себебі, кешегі кеңестік кезеңде ұлттық әдебиеттің мазмұнына, ондағы ұлттық рухтың өзегіне балта шабылып, алашшыл идеяларды тұншықтырып, түбірімен жоюға әрекет етті. Қаншама тұсаулағанымен, түпсанадағы ұлттың ұлттық сана-сезімі мен жадын түбегейлі жою мүмкін емес еді. Отарлық кезеңнен құтылып, тәуелсіздік алу арқылы ұлттық болмыс, ұлттық мүдде, мемлекетшілдік идеология, ең алдымен, ақындар шығармашылығы арқылы ұлттық сарындарға, түбі бір түркі өркениетіне оралу қайта түлегені, бетбұрыс болғаны да рас.

Рахат Қосбармақ поэзиясындағы жыраулық дәстүрді сыртқы форма толғау жанрынан, дидактикалық сарындағы үлгі-өсиеттерден ғана емес, мазмұндағы ішкі психологиялық ахуалдан, яғни тәуелсіздік кезеңдегі замана туралы сыни көзқарас, уақыт тынысы, соған сай адамзат баласының пейілінің құбылуы, талан-таражға түскен халық байлығы, билік пен халық арасында Бұқар жыраудай әділдігін айту, заман келбетінен Дулат, Шортанбайларша торығу сарындарынан да көрініс тауып отырады.

Жоғарыдағы тұжырымдардан байқағанымыздай, дәстүр жалғастығы тек жанрлық түр ғана емес, ішкі идеялық-эстетикалық мазмұнға да тікелей байланыстылығы көрінеді. Мысалы, Рахат Қосбармақ поэзиясында алдыңғы толқын аға буынның өлеңдеріндегі кейбір идеялардың жаңаша құбылуын, интерпретациялануын көруге болады. Ол ақынның тек толғау үлгісіндегі жырларынан ғана емес, «Үстірт» атты лирикалық өлеңінен де байқалады. Аталған өлеңді оқи отырып, ақын, қазақтың тұңғыш барт әншісі Табылды Досымовтың «Биіктік» атты өлеңі ойға оралады.

Бір күдірет тұла бойды тасқанда,
Құлаш ұрмай тауға, шыңға, асқарға
Қыр баласы тауға қарап өспейді,
Қыр баласы қол созады аспанға...

«Биіктік» өлеңінің осы соңғы түйінді шумағы ән ретінде кең тарап кеткендіктен, халық санасында жатталып қалғаны да ақиқат. Осы шумақтағы идеяны ақын өзінің «Үстірт» атты өлеңінде адамзаттық сана биіктігі мен туған жерге деген махаббаттың символы ретінде қабылдап, Маңғыстау өлкесінің табиғатын бейнелеуде өзінше жырға қосады. Ежелгі өркениеттердің қалдығындай Маңғыстау түбегіндегі үстірттерді үлкендікке, қазақтың даласын асқақтыққа теңеген ақын Табылды ақынның өлеңіндегі шумақты былайша интерпретациялайды.

Пай-пай, шіркін!
Мынау қырдың жатысын-ай шәниіп,
Етек-жең кең ерке ұлдай далиып.
«Тауларменен таласамын» дейді ме,
Асқар шыңға қол соза ма ақиық?!

Пай-пай, шіркін!
Жатысын-ай, жатысын!
Қамал сынды алдырмайтын қапысын.
Азу тісін ақситады арландай,
Тірі жанға жібермейтін ақысын.

Сол екен ғой – өнегелі, өрелі,

Өсер елдің өз күшіне сенері.
Қырдың ұлы қияларға қол созбай,
Аспан жаққа ұмтылатын себебі.

Бұл дүниеде болу керек бір теңдік,
Сол теңдікті орнатам деп жыр тердік.
Биіктік те, байтақтық та емес ол,
Үстірт деген – біле білсең, Үлкендік! [5, 220]

Осы жерде интермәтін ұғымына тоқталып өтсек, интермәтіндік жай ғана бір мәтіннің екіншісіне идеялық тұрғыдан ықпалы немесе кірігуі, әсіресе әдебиетте жиі байқалады. Бастапқыда ол латынның «intertexto» сөзінен шыққан, бұл интермикс дегенді білдіреді [15, 79]. Ю. Кристеваның ұғымынша, «кез келген мәтін дәйексөздер мозаикасы болып сап түзейді, кез келген мәтін тұтынатын өнім және басқа қандай да бір мәтіннің трансформациясы болып табылады» [15, 102]. Қос ақынның өлеңдеріндегі интермәтінділік, яғни алдындағы мәтіннің кейінгі мәтінге табиғи түрде кірігуі, әсер ықпалы десек болады. Әдеби мәтіндердегі көп қабаттылық мәселесі осы интермәтінділік ұғымымен тығыз байланысты.

Аталған өлеңдердегі интермәтінділіктен қазақтың даласы қандай кең болса, жер бедері де сан алуандығы баяндалады. Сол табиғатқа сай адам мінезінің қалыптасуы сияқты ұлттық дүниетаным құндылықтары көрініс беріп тұр. Мысалы, көркем әдебиеттерде «тау адамы», «құм мінезі» сынды ұғымдар кездеседі жиі кездеседі. Атыраудың жазық даласы мен Маңғыстаудың үстіртті аймағында өмір сүрген Табылды мен Рахаттың туған жерлері - егіз қозыдай бірін-бірі еміп жатқан қос өлке. Ақындар сайын даланың төсінде ғұмыр кешкен ата-бабалар рухының биіктігін бейнелеуде тау мен жазық дала, үстірт сынды паралельді ұғымдарды ала отырып, қазақ деген ұлттың болмысын, асқақ рухын, адами құндылықтарын салыстырмалы түрде көркемдеп суреттейді. Поэзияда бұндай мысалдарды көптеп санамалап келтіруге болады.

Біз бұл жерде Рахат Қосбармақтың жыраулық сарындардан бастап, жазба ақын Табылды Досымов т.б. өлеңдерімен салыстыру арқылы идеяны сол күйінде көшірген деуден аулақпыз. Көркем әдебиеттегі интермәтіндік құбылыстың орын алып отыруы, алдыңғы мәтіндердің кейінгі мәтіндерге жарық сәуле түсіруі - көркем шығармашылық процесітегі табиғи, бейсаналы түрде жүретін, ақын-жазушылардың интеллектуалдық деңгейімен өлшенетін, көркем поэтикалық құбылыс. Сондықтан жыраулық дәстүр сияқты өткеннің жаңғыруын, әр дәуір әдебиетінде белгілі бір ұлттық кодтардың қай түлеп, жаңаша сипат алып, әдеби процеске тигізетін ықпалын, өнегесін айтуымыз қажет. Бір сөзбен айтсақ, дәстүрді жаңашылдықпен дамытқан, шеберлік өрнектерін тапқан кейінгі әдебиет өкілдерінің ізденісін көреміз.

Мақаланың талқылау бөлімін түйіндесек, мақаланың негізгі ғылыми жаңалығы - Рахат Қосбармақ сияқты өңірлік әдебиет деңгейінде танылып жүрген ақынды қазіргі қазақ әдеби процесінің дамуы тұрғысынан зерттеу нысанына алу. Себебі, ақын шығармашылығы өзіндік болмысы бар, осы заманғы жыраулық дәстүрдің шырақшысындай деуге толық негіз бар. Оның поэзиясының басым бөлігі азаматтық әуенге толы, отаншыл рухтың белгісіндей, көшпелі өркениеттегі хандық биліктің тұсындағы жыраулардай кеңес берген, шынайы өмірді жырлаған, зар заман ақындарындай сыншыл әрі сыршыл асқақ сарындарды қайта тірілтуімен құнды.

Тәуелсіздік жылдарындағы жырлаулық сарындардың нақты көрістерін Рахат Қосбармақ поэзиясы негізінде салыстырмалы типологиялық түрде зерттеп, көркемдік тұтастықта қарастыру қазіргі қазақ өлеңіндегі поэтикалық мәтіннің ұлттық негіздерін саралауға мүмкіндік береді. Қазіргі қазақ әдеби процесінде жыраулық сарындардың қайта түлеуі поэзияда ұлттық негіздердің жаңаша сипатта даму тенденциясының бір бағыты бар екенін дәлелдейді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келсек, Рахат Қосбармақ поэзиясы қос дәуірдің алмасуы кезеңімен тұспа-тұс келген шығармашылық иесі ретінде өз замандастарының алды болуға әбден лайық. Оның әдеби ортадан жырақта жатып-ақ тудырған, жырауларша толғанған лирикалық өлең-толғаулары мен кең құлашты эпикалық туындыларындағы салмақты ой, терең мағына, тіл көркемдігі, жанрлық түрді дамытуы – бүгінгі ұлттық поэзияда ерекше құбылыстардың бірі. Себебі, жыраулар поэзиясы сынды ұлттық поэзияның бүгінгі құбылған, түрленген болмысы осы Рахат Қосбармақ поэзиясында айрықша жарқырай көрінеді.

Тәуелсіздік, туған жер, атамекен туралы тарихи толғауларының мәнін, көне дәстүрді жаңғыртудағы өзіндік стильдік даралығын Ә.Кекілбаев, Е. Раушанов т.б. жоғары бағалайды. Оның өлеңдерінде жыраулар сарынының сілемдері жаңа уақыттың қазанында қайнап, ұлттық болмыстың дәнегі бүр жарып, қайта түрленіп, дидактикалық әрі асқақ рухты көшпенді түркілік рухтың атойлаған алдаспанындай әсерге бөлейді. Жыраулық сарындардағыдай терең философиялық ойлардың ақынның поэзиясында нәзік лирикаға астастыра жырланады.

Екіншіден азаматтық лирикадағы елдік мәселелерде лирикалық кейіпкердің «менінен», ақынның авторлық рухани тұлғасы да ерекше көрінеді. Автор дидактикалық сарынға ғана салынбайды, қоғамдағы түрлі мәселелерді түпті қиян тереңінен тартып толғау, толғану, ақыл-нақыл айту ғана емес, қоғамның психологиялық ахуалын көрсететін поэтикалық қуатын көрсетеді. Бұл Рахат Қосбармақ поэзиясында басты ерекшелік – жыраулық сарындарды жаңа уақыт биігінен қайта тірілтуі дер едік.

Интермәтіндік құбылыс өткенге қайта оралу не көшіру емес, түрлі мәтіндердің табиғи тұрғыдан рухани өзек ретінде ақындардың шығармашылығында шеберлікпен игерілуі және даралыққа ұласуы. Р.Қосбармақта сонау көне түркілік өркениеттен бастап, жыраулар поэзиясының сілемдерінен үзілмеген алтын арқауды жалғастыруда интермәтіндік құбылыс ерекше байқалады. Ақын поэзиясында толғау жанры форма мен пішіндік тұрғыдан ерекше түр ретінде көрініс тапса, екінші қыры идеялық-эстетикалық танымдары терең философиялық иірімдерге еркін бойлайтын шеберлік қыры, интеллектуальды өлең-жырларының мазмұндық негіздерінен көрінеді.

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Бұл мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті қаржыландыратын ғылыми жоба аясында шығарылды (грант №AP19676441).

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Kamberelis G. Genre Development and Learning: Children Writing Stories, Science Reports, and Poems // *Research in the Teaching of English*. – 1999. – Vol. 33. – pp. 403-460.
- 2 Қабдолов З. Сөз өнері: Оқулық-монография. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2014. – 496 б.
- 3 Kalogirou T., Fernández Senís J., Mínguez-López, X. Editorial: Poetry in Literary Education // *Journal of Literary Education*. – 2019. – №(2). – pp. 1-7.
- 4 Sayfulina F.S., Gafiyatova E.V., Husnutdinov D.H., Sagdieva R.K., Iskakova Z.M. Ecology problem updating in Tatar literature of the 2nd-half of the 20th-century // *Utopía y Praxis Latinoamericana*. – 2020. – Vol. 25. – pp. 454-465.
- 5 Қосбармақ Р. Жырымды менің оқыңдар. «Маңқыстау ақын-жазушыларының кітапханасы» сериясы. 50 томдық жинақтың 13-томы. – «Қазақпарат» баспасы. 2013. – 230 б.
- 6 Gibbs R.W. Pragmatic complexity in metaphor interpretation // *Cognition* [Электрон. ресурс]. – 2023. – Vol. 237. URL: <https://doi.org/10.1016/j.cognition.2023.105455> (қаралу күні: 20.01.2025).

- 7 Fan Y. Poetic Metaphors and Embodied Cognition – A Potential Pathway of Mind Development // Communications in Humanities Research. – 2023. – Vol. 20. – pp. 238-243.
- 8 Merleau-Ponty M. Phenomenology of perception. – London, New York: Routledge, 2012. – 696 p.
- 9 Әскербекқызы Ж. Көркемдік өріс. Есенғали Раушанов поэзиясы негізінде. Ғылыми зерттеу. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. – 296 б.
- 10 Kudaibergenova K., Zhanbershiyeva U., Abilov A., Oralova G., Botabayeva Zh. Methods of studying the literary image in the works of poets-storytellers of the land of Syr at the university // Scientific Herald of Uzhhorod University Series Physics. – 2024. – pp. 684-692.
- 11 Ержанова С. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясының көркемдік тұтастығы мәселелері. Фил. ғыл. докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2009. – 283 б.
- 12 Жыраулар поэзиясындағы тәуелсіздік сарындары. Ұжымдық-монография. / Жауапты шығарушысы: Б.С. Тоекина. – Алматы: «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының баспасы, 2012. – 408 б.
- 13 Дәстүр және жаңашылдық: Монографиялық жинақ. – Алматы: Ғылым, 1980. – 215 б.
- 14 Ayed Ayasrah M., Nazri L. Intertextuality Between T. S Eliot and Al Sayyab's Poetry // International Journal of English Linguistics. – 2019. – Vol. 9. – №3. – pp. 78-84.
- 15 Кристева Ю. Бахтин, слово, диалог и роман//Французская семиотика: От структурализма к постструктурализму / Пер. с франц., сост., вступ. ст. Г.К. Косикова. – М.: ИГ Прогресс, 2000. – 457 с.

Материал 29.12.2025 баспаға түсті

Продолжение художественных традиций казахских жырау в творчестве поэта Рахата Косбармака

А.А. Акбулатов¹, Ж.Г. Мусина¹, К.Б. Жумашева¹, Н.М. Тукешова¹

¹Западно-Казахстанский университет имени Махамбета Утемисова, Уральск, 090000, Казахстан

В статье анализируются творческие искания поэзии Рахата Косбармака, продолжающей эстафету преемственности традиций казахской поэзии после обретения независимости.

В работе определены научные основы таких явлений, как самобытная индивидуальность творчества поэта, возвращение после обретения независимости к национальным истокам, духовным корням и сущности, возрождение и восстановление различных жанров в искусстве национальной речи в отдельные исторические периоды. В статье сделан акцент на появление в нежной лирике эпохи независимости мотивов народных жырау, а также проведен анализ произведений.

Ценность данного труда заключается во всестороннем исследовании современной казахской поэзии, представленной сегодня Е. Раушановым, Н. Маукенули и являющейся достойным продолжением творчества Шортанбая, Доспанбета, Махамбета, Абыла, Нурыма, Кашагана, с точки зрения связи времен, художественной системы произведений авторов, традиций и новаторства, системы образов, особенностей языка, раскрытия идейно-эстетического содержания творений.

Задача статьи – раскрыть художественно-эстетическую, творческую самобытность, выразительность, новаторство стихов поэта Рахата Косбармака, и указать на прочную и тесную связь творчества автора с народными традициями и современным литературным процессом.

Научная и практическая ценность данного исследования заключается в определении тенденций развития казахской поэзии с позиции нового времени, а также во внесении определенного вклада в изучение наследия литературного краеведения.

Ключевые слова: народные сказы, традиция и новаторство, стилистическое своеобразие, литературный процесс, жанр толгау, поэзия Р. Косбармака.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Kamberelis G. Genre Development and Learning: Children Writing Stories, Science Reports, and Poems // Research in the Teaching of English. – 1999. – Vol. 33. – pp. 403-460.
- 2 Кабдолов З. Искусство слова: Учебник-монография. – Алматы: Издательство «Өлке», 2014. – 496 с.
- 3 Kalogirou T., Fernández Senís J., Mínguez-López, X. Editorial: Poetry in Literary Education // Journal of Literary Education. – 2019. – № (2). – pp. 1-7.
- 4 Sayfulina F.S., Gafiyatova E.V., Husnutdinov D.H., Sagdieva R.K., Iskakova Z.M. Ecology problem updating in Tatar literature of the 2nd-half of the 20th-century // Utopía y Praxis Latinoamericana. – 2020. – Vol. 25. – pp. 454-465.
- 5 Қосбармақ Р. Читайте мои стихи. Серия «Библиотека поэтов и писателей Мангистау». 13-й том из 50-томного собрания. – Издательство «Қазақпарат», 2013. – 230 с.
- 6 Gibbs R.W. Pragmatic complexity in metaphor interpretation // Cognition [Электрон. ресурс]. – 2023. – Vol. 237. URL: <https://doi.org/10.1016/j.cognition.2023.105455> (дата обращения: 20.01.2025).
- 7 Fan Y. Poetic Metaphors and Embodied Cognition – A Potential Pathway of Mind Development // Communications in Humanities Research. – 2023. – Vol. 20. – pp. 238-243.
- 8 Merleau-Ponty M. Phenomenology of perception. – London, New York: Routledge, 2012. – 696 p.
- 9 Әскербекқызы Ж. Художественное пространство. На основе поэзии Есенғали Раушанова. Научное исследование. – Алматы: Издательский дом «Таймас», 2008. – 296 с.
- 10 Kudaibergenova K., Zhanbershiyeva U., Abilov A., Oralova G., Botabayeva Zh. Methods of studying the literary image in the works of poets-storytellers of the land of Syr at the university // Scientific Herald of Uzhhorod University Series Physics. – 2024. – pp. 684-692.
- 11 Ержанова С. Проблемы художественной целостности казахской поэзии периода независимости. Диссертация на соискание степени доктора филологических наук. – Алматы, 2009. – 283 с.
- 12 Мотивы независимости в поэзии жырау. Коллективная монография. / Ответственный редактор: Б.С. Тоекина. – Алматы: Издательство учебно-методического центра «Тіл», 2012. – 408 с.
- 13 Традиция и новаторство: Монографический сборник. – Алматы: Ғылым, 1980. – 215 с.
- 14 Ayed Ayasrah M., Nazri L. Intertextuality Between T. S Eliot and Al Sayyab's Poetry // International Journal of English Linguistics. – 2019. – Vol. 9. – №3. – pp. 78-84.
- 15 Кристева Ю. Бахтин, слово, диалог и роман//Французская семиотика: От структурализма к постструктурализму / Пер. с франц., сост., вступ. ст. Г.К. Косикова. – М.: ИГ Прогресс, 2000. – 457 с.

Материал поступил в редакцию журнала 29.12.2025

Continuation of the artistic traditions of Kazakh Zhyrau in the poetry of Rakhat Kosbarmak

A. Akbulatov¹, Zh. Musina¹, K. Zhumashyeva¹, N. Tukeshova¹

¹M.Utemisov West Kazakhstan University, Uralsk, 090000, Kazakhstan

The article analyzes the creative pursuits of Rahat Kosbarmak's poetry, which continues the relay of continuity in Kazakh poetic traditions after gaining independence.

The study defines the scientific foundations of such phenomena as the unique individuality of the poet's creativity, the return to national origins, spiritual roots, and essence after gaining independence, as well as the revival and restoration of various genres in the art of national speech during different historical periods. The article emphasizes the emergence of motifs from folk zhyrau in the delicate lyricism of the independence era and includes an analysis of literary works.

The value of this study lies in the comprehensive exploration of contemporary Kazakh poetry, represented today by E. Raushanov, N. Maukenuly, and serving as a worthy continuation of the works of Shortanbai, Dospanbet, Makhambet, Abylai, Nurym, Kashagan. The research examines this continuity in terms of the connection between times, the artistic system of the authors' works, traditions and innovation, the system of imagery, linguistic features, and the revelation of the ideological and aesthetic content of their creations.

The aim of the article is to reveal the artistic and aesthetic uniqueness, creative originality, expressiveness, and innovation of Rahat Kosbarmak's poetry, as well as to highlight the strong and close connection of the poet's work with folk traditions and the contemporary literary process.

The scientific and practical value of this study lies in identifying the developmental trends of Kazakh poetry from the perspective of the new era, as well as in making a significant contribution to the study of literary regional studies.

Key words: folk legends, tradition and innovation, stylistic uniqueness, literary process, tolgau genre, poetry of R. Kosbarmak.

REFERENCES

- 1 Kamberelis, G. (1999), "Genre Development and Learning: Children Writing Stories, Science Reports, and Poems", *Research in the Teaching of English*, vol. 33, pp. 403-460.
- 2 Kabdolov, Z. Soz oneri: Okulyk-monografija [The Art of Words: Textbook-Monograph] (Almaty, 2014).
- 3 Kalogirou, T., Fernández Senís, J. and Mínguez-López, X. (2019), "Editorial: Poetry in Literary Education", *Journal of Literary Education*, no. (2), pp. 1-7.
- 4 Sayfulina, F.S., Gafiyatova, E.V., Husnutdinov, D.H., Sagdieva, R.K. and Iskakova, Z.M. (2020), "Ecology problem updating in Tatar literature of the 2nd-half of the 20th-century", *Utopía y Praxis Latinoamericana*, vol. 25, pp. 454-465.
- 5 Kosbarmak, R. Zhyrymdy meniң oqyñdar [Read My Poems], Series: "Mangystau Aqyn-Zhazushylarınıñ Kitapxhanasy" [Library of Mangystau Poets and Writers], vol. 13 of the 50-volume collection (Almaty: Qazaqparat Publishing House, 2013).
- 6 Gibbs, R.W. (2023), "Pragmatic complexity in metaphor interpretation", *Cognition* [Electronic], vol. 237, available at: <https://doi.org/10.1016/j.cognition.2023.105455> (accessed 20.01.2025).
- 7 Fan, Y. (2023), "Poetic Metaphors and Embodied Cognition – A Potential Pathway of Mind Development", *Communications in Humanities Research*, vol. 20, pp. 238-243.
- 8 Merleau-Ponty, M. (2012), *Phenomenology of perception*, Routledge, London, New York.
- 9 Askerbekkyzy, Zh. Kórkemdik Öris. Esengali Raushanov Poeziyasy Negizinde [Aesthetic Scope: Based on the Poetry of Esengali Raushanov] (Almaty: Taimas Publishing House, 2008).
- 10 Kudaibergenova, K., Zhanbershiyeva, U., Abilov, A., Oralova, G. and Botabayeva, Zh. (2024), "Methods of studying the literary image in the works of poets-storytellers of the land of Syr at the university", *Scientific Herald of Uzhhorod University Series Physics*, pp. 684-692.
- 11 Erzhanova, S. Täuelsizdik Kezeñindegi Qazaq Poeziyasynyñ Kórkemdik Tutaystygy Maseleleri. PhD diss. [Issues of Aesthetic Integrity in Kazakh Poetry of the Independence Period. PhD Thesis]. Almaty, 2009. 283 p.
- 12 Jyraular poeziiasyndagy täuelsizdik saryndary. Ujymdyq-monografiya [Themes of Independence in the Poetry of Jyrau. Collective Monograph]. Responsible Editor: B.S. Toekina (Almaty, 2012).
- 13 Traditsii i innovatsii: Monograficheskiy sbornik [Traditions and innovations: A monographic collection] (Almaty: Nauka, 1980).

14 Ayed Ayasrah, M., and Nazri, L. (2019), “Intertextuality Between T. S Eliot and Al Sayyab’s Poetry”, *International Journal of English Linguistics*, vol. 9, no. 3, pp. 78-84.

15 Kristeva, J. Bakhtin, slovo, dialog i roman [The word, the dialogue, and the novel], *Frantsuzskaya semiotika: Ot strukturalizma k poststrukturalizmu* [French semiotics: From structuralism to poststructuralism], translated from French, compiled, and introduced by G.K. Kosikov] (Moscow: IG Progress, 2000).

Received: 29.12.2025

МҒТАР 16.21.49

DOI:10.59102/kufil/2026/iss1pp229-243

Л.А. Аманкулова¹, К.Б. Жалгасбаева¹

¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, 050000, Қазақстан

КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ МЕНТАЛЬДІЛІК: ПРАГМАТИКАЛЫҚ АСПЕКТ

Мақаланың мақсаты – көркем шығармалар арқылы көрінетін ментальдік категориясын талдау. Зерттеуде ментальділік категориясы мен оның көркем мәтіндегі репрезентациясы қарастырылған.

Ғылыми жұмыстың негізгі идеясы – әдебиеттегі ментальдік категориясын ұлттық код, ұлттық дүниетаным негізінде дәйектеу. Сонымен бірге оның көркем шығармаларда көрініс беретін прагматикалық аспектісіне назар аудара отырып, нақтылы дәлелдер келтіру.

Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеу еңбектері алынды. Атап айтсақ, В. фон Гумбольд, М. Барг, А.Я. Гуревич, Е.Ф. Бизунова, А.А. Потемня, В.В. Колесов, Н.К. Култанбаева, Б. Шалабай, Б. Омарұлы, Қ. Байтанасова және тағы басқа зерттеушілердің ұлттық таным мен ментальдікке қатысты ғылыми пайымдары сараланды.

Зерттеу барысында ментальділіктің жеке тұлғаның немесе әлеуметтік топтың әлемді және өзін қабылдауын, ой мен сезімін, құндылықтары мен іс-әрекеттерін негіздейтін ақылға қонымды рухани ұстанымдар жиынтығы екені анықталды. Ментальділікті қазір көптеген зерттеу еңбектерінде діл деп қолдану қалыптасқан. Дегенмен зерттеуде әлемдік ғылыми ортада қалыптасқан ментальділік термині қолданылды. Себебі, шетелдік ғылыми айналымда «діл» термині емес «ментелитет» термині қолданылады.

Зерттеу кезінде көркем мәтіндердегі ментальділікке байланысты ұғымдарды түсіндіру және талдау әдістері пайдаланылды.

Жұмыстың ғылыми маңыздылығы – қазіргі қазақ әдебиет теориясындағы ұлттық белгі, ұлттық таным, ұлттық колорит, ұлттық характер сияқты терминдердің басын біріктіріп, олардың тұтас категориялық сипатын ментальділік ұғымымен астастыра талдау зерттеудің негізгі ұстанымдарының бірі болды.

Әдебиеттегі теориялық ұғымдардың ғылыми ауқымының кеңдігі мен оның басқа ғылым салаларындағы аттас ұғымдармен сабақтастығы негізінде ментальділік ұғымының лингвистикалық, философиялық, психологиялық, тарихилық негіздері де мақала мақсатына сай сараланды.

Бұл мақаланы жоғары оқу орындарындағы лингвистикалық пәндерді оқытуда пайдалануға болады.

Кілт сөздер: ментальділік, менталитет, прагматика, ұлттық діл, мәтін, мәтінді концептуалды талдау, когнитивтік лингвистика.